

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай - балабақшасы МКҚК
Ата-аналар жиналысы
Хаттама № 1**

09.09.2022 жыл

Қатысқандар: ата-аналар

Күн тәртібінде

1. Ата - аналар баланың қабылдауы туралы және т.б сұрақтарды нақтылау үшін кері байланыс арқылы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету
2. Жалпы ата-аналар жиналысы: Сауалнама алу.


Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова балабақша тәрбиешілерін ата-аналарға таныстырып және ата-аналармен балабақша педагогтарын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына арналған ата-аналармен бірге жасалатын жоспармен таныстырды. Балалардың іс- әрекетті қабылдауы жақсы болу үшін барлық жағдайлар жасалғанын, іс-әрекеттер өз деңгейінде өту үшін көрнекіліктер жасалғаны туралы айтылды. Ата- аналар мен жасалынатын жұмыстарды алдағы уақытта көбейтіп, жиі ұйымдастыруды ұсынды. Кез- келген уақытта сұрақ туындаған жағдайда кері байланысқа шығып жауап беруге тырысамыз және сіздерде тәрбиешілермен тығыз қарым қатынаста болуларыңызды сұраймын деп сөзін қорытындылады.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша педагог-психологы Н.Лакжаева «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында сауалнама алды. Сауалнаманың қорытындысы бойынша ата-аналардың белсенділігі жоғары екені көрсетті.

Қаулы етеді:

1. Ата- аналармен бірлескен іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізілсін.
2. Әр топтың тәрбиешісі тәрбиеленушісінің ата-анасымен тығыз байланыста болсын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай - балабақшасы МКҚК**

Ата-аналар жиналысы

Хаттама № 2

09.06. 2023 жыл

Қатысқандар: ата-аналар

Күн тәртібінде

МАД тобының балабақшамен қоштасуы туралы
Ата-аналармен тәрбиешілер арасындағы кері байланыс жасау
Топтар арасындағы ата-аналар жиналысы

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері мен тәрбиеленушілер балабақшада алған білімдерін саралап, ән, би, жыр шумақтарын тарту етіп, ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасалғандығын көрсетіп балаларды мектепке шығарып салды. Алдағы уақытта да балаларымыздың балабақшадағы жетістіктерін көреміз деген ойдамыз деп ата-аналар тарапынан жақсы ой пікірлер айтылды деп балабақша басшысы Г.Жанабилова бақшамен қоштасқан балалардың ата-аналарынан жақсы пікірлер айтылғанын тілге тиек етті. Алдағы уақытта жақсы пікірлер болу үшін тәрбиешілер, ата-аналармен бірлесе жұмыс жасалу керектігін айтты.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Султанбекова алдағы уақытта ата-аналармен жоспар бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып, барлық топтың ата-аналар арасында спорттық эстафетаға дайындық жасап жатқандығын айтты.

Қаулы етеді:

Балабақшаның спорт алаңында жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары бойынша отбасылық сайыс ұйымдастырылсын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы :



М.Нурбаева